

"Жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2003 жылғы 22 желтоқсандағы N 941 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің 2005 жылғы 11 тамыздағы N 396 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2005 жылғы 6 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 3823. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы N 881 Бұйрығымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009.12.30 N 881 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығымен бекітілген Денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2003 жылғы 22 желтоқсандағы N 941 бұйрығына (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2635 тіркелген, 2004 жылғы 17 қаңтардағы "Ресми газетте" N 3 (160) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету туралы ережеде:

7-тармақта "медициналық қызметтердің сапасын талдауды және бағалауды жүзеге асыратын ұйым" деген сөздер "медициналық қызметтердің сапасын бақылау жөніндегі бойынша мемлекеттік орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

13-тармақта "медициналық қызметтердің сапасын талдауды және бағалауды жүзеге асыратын ұйымның тиісті құрылымдық бөлімшесінің (филиалының)" деген сөздер "медициналық қызметтердің сапасын бақылау жөніндегі мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

14-тармақта "медициналық қызметтердің сапасын талдауды және бағалауды жүзеге асыратын ұйымның құрылымдық бөлімшесінің (филиалының)" деген сөздер "медициналық қызметтердің сапасын бақылау жөніндегі мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

15-тармақта "медициналық қызметтердің сапасын бағалау және талдау" деген сөздер "сараптау" деген сөзбен ауыстырылсын;

15-тармақта "медициналық қызметтердің сапасын талдауды және бағалауды жүзеге асыратын ұйым" деген сөздер "медициналық қызметтердің сапасын бақылау және оның аумақтық бөлімшелері бойынша мемлекеттік органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

16-тармақта "медициналық қызметтердің сапасын бағалау және талдау" деген сөздер "сараптау" деген сөзбен ауыстырылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жоғары мамандандырылған медициналық көмек бойынша комиссия туралы ережеде:

6-тармақта "медициналық қызметтердің сапасын талдауды және бағалауды жүзеге асыратын ұйымның" деген сөздер "медициналық қызметтердің сапасын бақылау жөніндегі мемлекеттік органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

14-тармақта "медициналық қызметтердің сапасын талдауды және бағалауды жүзеге асыратын ұйым" деген сөздер "медициналық қызметтердің сапасын бақылау жөніндегі мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық қызметтің сапасын бақылау комитеті (У.Ахметов) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өтуге жіберсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін Ұйымдастыру-құқықтық жұмыс департаменті (Д.В.Акрачкова) оны бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауға жіберсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі А.Ақановқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р д і ң

міндетін атқарушы